


«№56 НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ

Бекітілді:
№56 «НОМ» директоры
А.Т. Шайхин
29 мамыр 2023 ж.



МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ

«ЖАЗ - 2023»



ҚАРАҒАНДЫ 2023 ЖЫЛ

№ 56 НОМ ұжымының жаңа оқу жылында оқу жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ, білім беру нәтижелері, балаларды тәрбиелеу деңгейі көбінесе балалардың жаздық сауықтыру демалысын өткізу және ұйымдастыруға байланысты екендігіне көздері жетіп отыр.

Мектепте көптеген жылдар бойында балалар мен жасөспірімдердің каникул кездерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Олар мынадай принциптерде құрылған: вариативтік, жүйелілік, әлеуметтік-педагогикалық мақсаттылық. Дәстүр бойынша балаларды жаздық сауықтыру күндізгі мектеп жанындағы жазғы лагерь(алаң), қала сыртындағы лагерьде, балалардың танымдарын дамыту және оқудағы олқылықтарды жою бойынша жаздық мектепте өткізіліп келеді. Топтың жұмысы «Жасыл патруль», жөндеу-құрылыс жасағы бойынша өткізіледі, демалыстың аздаған түрлері – сапаралар, саяхаттар. 2022-2023 жылдың жазында жазғы мектеп, «Жасыл патруль», «Жөндеу-құрылыс жасағы» балаларды тамақтандырусыз өткізілетін болады.

Балалардың бос уақыттарын тәрбиелеу және дамыту түрлері:

- ✓ біріншіден, бос уақыт – мектеп оқушыларының рухани дамитын кезі, жұмыстарды еркін таңдау мүмкіндігі, балалардың таланттарын дамыту мүмкіндігі. Әр бала ең жақсы бала болғысы келеді, бірақ та барлығы да білімді, спортты, қоғамдық жұмыстарды сезіне алмайды. Бос уақыттары балалардың өздерін танытуға үлкен мүмкіндік береді.**
- ✓ екіншіден, бос уақыт – бұл өзін танытуда үлкен мүмкіндік беретін орта. Әсіресе бала түрлі сайыстар, байқаулар, ойындар мен ұжымдық шығармашылық жұмыстарда өзін ашық және жарқын көрсете алады.**
- ✓ үшіншіден, бос уақыт – бұл ұжымдық жұмыстарда белсенді қарым-қатынас, бұл жерде жасөспірімдер өздерінің психологиялық қажеттіліктерін байқата алады.**

Міне сондықтан да жаз маусымы бойы балаларды бос уақыттарында тәрбиелеу мен бақылау өте қажет.

Осы бағдарлама жаз бойы балалардың бос уақыттарын сауықтыруды ұйымдастыру әр түрлі шаралар мен тапсырмалар және мақсаттарды анықтайды:

II. № 56 НОМ балалардың жаздық демалысын ұйымдастырудағы басты мәселелері:

- 1. мектеп жанындағы лагерьде(алаң) техникалық жарық беру деңгейінің төмендігі;**
- 2. мектептің мәдени орталықтан алыстығы: демалыс саябағы, бассейн, кинотеатр;**

№ 56 НОМ Қарағанды қаласы Ә.Бөкейхан ауданына қарасты Жұмысшылар кентінде орналасқан, бұл жерде тұратын тұрғындардың басым көпшілігі аз қамтылған немесе жаздайы төмен отбасыларынан

тұрады.

Қаладағы мәдени орталықтарға, театрларға, мұражайларға, спорттық кешендерге баруға көбісінің материалдық жағдайлары көтермейді. Мектеп – балалардың жаз бойы бос уақыттарын өткізуге болатын бірден-бір орны. Сондықтан да балалардың жаздағы бос уақыттарын ұйымдастырудың үлкен жауапкершілігі мектептің педагогикалық ұжымына жүктеледі.

III. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Бағдарламаның мақсаттары:

- *балалар ұжымында өнегелілік және жағымды көңіл-күй-психологиялық жайттарды қалыптастыруға ықпал ету;*
- *жазғы алаңда ойын түрлерін қолдана отырып, балалардың орыс тілі және шет тіліне деген қызығушылықтарын ояту, белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, мектеп оқушыларының жеке дамуын жүзеге асыру, жазғы мектепте математикалық дағдыларын дамыту;*
- *жаздық сауықтыру маусымының ұйымдастырылуына жағдай жасау, балалар мен жасөспірімдерді жаздық демалыспен ауқымды түрде қамту.*

Бағдарлама тапсырмалары:

- *Балалардың өмірін көңілді және қызықты ету, әр қалаушы балаға өзін танытуға мүмкіндік беру;*
- *балалардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту және ашу;*
- *жаздық каникул кездерінде балалар мен жасөспірімдердің ұжымдық танылуы бойынша баланың жеке дене тәрбиесі жағынан және шығармашылық, рухани ашылуларына толық жағдай жасау;*
- *балалардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің ашылуына, өзіндік жауапты шешімдерді қабылдай білуіне, қарым-қатынастарын дамытуға, қажеті жоқ келіспеушілікті болдырмауға ықпал ету. Түрлі саяхаттар мен сапарларға апару;*
- *жаз бойы мектеп жұмысын ғылыми әдістер негізінде құру;*
- *балалардың денсаулықтарын дене тәрбиесі және спорт арқылы бекіту;*
- *балалардың жаздық сауықтыруларына ата-аналарды тарту және қатыстыру;*
- *шығармашылық және еңбек жұмыстары жүйесі арқылы дамыту;*
- *оқушылардың дүниетанымдарын кеңейту, танымдық қызығушылықтарын арттыру, балалардың математикалық қабілеттерін дамыту;*
- *оқушылардың экологиялық және құқықтық мәдениеттерін көтеру;*
- *ұжымдық жұмыс барысында оқушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін тарту;*
- *жалпыоқу қоры есебінен аз қамтылған отбасы балаларына қала сыртындағы лагерь мен мектеп жанындағы алаңға материалдық көмекті тегін жолдама беру.*

IV. 1-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОС УАҚЫТТАРЫН ЖӘНЕ ДЕМАЛЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

«БӘЙТЕРЕК» КҮНДІЗГІ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ТАМАҚТАНДЫРУСЫЗ

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ (АЛАҢ)

Балалардың жаздық демалысын тұрғылықты жерлері бойынша ұйымдастыру.

Жазғы алаң жұмысының негізгі мақсаты - жаз бойы балалардың бос уақыттарын ұйымдастыру, денсаулықтарын жақсарту үшін жағдай жасау, балаларды шығармашылық және интеллектуалды дамыту, жеке қызығушылықтарын есепке ала отырып шығармашылық белсенділіктерін дамыту.

Тапсырмалар:

- 1. Жазғы лагерьде балалармен дамыту жұмыстарын жүргізу;**
- 2. шығармашылық қабілеттерін дамыту;**
- 3. мәдениеттілікке тәрбиелеу;**
- 4. балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;**
- 5. СӨС дағдыларын жетілдіру;**

Жұмыстың қолданылған түрлері – саяхаттар, ұжымдық шығармашылық жұмыстар, ойындар, спорттық сайыстар, ойын-сауық бағдарламалары, танымдық викториналар, өнегелілік – құқықтық тақырыбындағы дискуссиялар.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ТАМАҚТАНДЫРУСЫЗ ЛАГЕРЬ(АЛАҢ) МЕРЗІМІ

05.06 – 16.06.2023ж. – 1 маусым - лагерь басшысы Жубекова Г.К.

19.06 – 30.06.2023ж. – 2 маусым-лагерь басшысы Жубекова Г.К.

03.07 – 14.07.2023ж. – 3 маусым- лагерь басшысы Сулейменова Д.Т.

МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬДЕ БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Жазғы алаңға келген бірінші күннен бастап балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауға зәру екендігі байқалады. Бірлескен істер, ойындар, саяхаттар балалардың екінші бір қырынан көрінулеріне жол ашады. Бізге баланың өзіндік ашылуына жәрдемдесуге мүмкіндік береді.

КӨҢІЛ-КҮЙДІҢ ТҮРЛІ-ТҮСТІ КҮНДЕЛІГІ

Менің көңіл-күйім		Аты – жөні
--------------------------	--	-------------------

<i>Таң қалушылық</i>	<i>қызыл</i>	
<i>Қуанышты, жылы</i>	<i>сары күрең</i>	
<i>Ашық, жағымды</i>	<i>сары</i>	
<i>Байсалды</i>	<i>жасыл</i>	
<i>Қанағатсыздық, көңілсіз</i>	<i>көк</i>	
<i>Үрейлілік, қысымдылық</i>	<i>қызыл қоңыр</i>	
<i>Күшін жоғалту, жабырқау</i>	<i>қара</i>	

Мәліметтерді шолу (күнде)

<i>Аты – жөні</i>	<i>Күндер</i>			
	<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>
	<i>СК</i>	<i>Ж</i>	<i>Ж</i>	<i>С</i>
	<i>Қ</i>	<i>С</i>	<i>Ж</i>	<i>С</i>
	<i>К</i>	<i>Ж</i>	<i>СК</i>	<i>Ж</i>

Түрлі түсті кесте баланың көңіл-күйін көруге мүмкіндік береді: тігінен барлығын, көлденеңінен маусым бойы әр қайсысын. Мұндай жұмыс түрлері жзгы алаңның және топтың жұмыстарын әрі қарай дамыуға және жоспарлауға жақсы мүмкіндіктер береді.

Балалар жеңістер мен жеңілістерге бірден көңіл аударады. Ақырғы баға олардың көңіл-күйлеріне қатты әсер етеді. Сондықтан да педагогтер бірде – бір баланы назардан тыс қалдырмаулары тиіс. Міндетті түрде шараларға қатысушы балаларды жеке немесе топпен марапаттау қажет. Балалардың талпынуы нәтижеге байланысты болмаса да мадақталуы тиіс.

Балалардың жеке қабілеттерін жеке жұмыстары арқылы міндетті түрде есепке алу қажет (шығармашылық, спорттық, еңбек).

«ЖАСЫЛ ПАТРУЛЬ» отряды

5-7 сынып оқушыларынан біріктірілген 12 жасақ 2023 жылдың 5 маусымынан 25 тамызы аралығында бекітілген мектеп аймағы және мектептің ауласын жақсарту мақсатында жұмыстар атқаратын болады. «Жасыл патруль» жасағының жұмысы мектеп жанындағы аймақта тәжірибе жұмыстарын атқару және экологиялық мәдениетті арттыру арқылы жүзеге

асады.

Еңбек тағы бір маңызды міндетті шешуге көмектеседі – балаларға еңбек қызметі үдерісінде ынтымақтастық дағдыларын беру.

Аптаның №	Кезекті жұмыс істеу күндері	сынып	Балалар саны	Жауапты мұғалімдер	Сынып жетекшісі
1 – апта	5 маусым – 9 маусым	7 «А»	9	Аринова А.Ж.	Аринова А.Ж.
2 – апта	12 маусым – 16 маусым	7 «А»	8	Аринова А.Ж.	Аринова А.Ж.
3 – апта	19 маусым – 23 маусым	5 «А»	8	Байбусынова А.А.	Байбусынова А.А.
4 – апта	26 маусым – 30 маусым	5 «А»	8	Байбусынова А.А.	Байбусынова А.А.
5 – апта	3 шілде – 07 шілде	6 «А»	7	Әмренова Г.С.	Мадет А.
6 – апта	10 шілде – 14 шілде	6 «А»	7	Әмренова Г.С.	Мадет А.
7 – апта	17 шілде – 21 шілде	6 «Б»	7	Әмренова Г.С.	Думанова В.В.
8 – апта	24 шілде – 28 шілде	6 «Б»	7	Әмренова Г.С.	Думанова В.В.
9 – апта	31 шілде - 03 тамыз	7 «Б»	6	Амангелді А.Е.	Балабекова Ж.А.
10 – апта	07 тамыз – 11 тамыз	7 «Б»	5	Амангелді А.Е.	Балабекова Ж.А.
11 – апта	14 тамыз – 18 тамыз	5 «Б»	8/	Амангелді А.Е.	Сорока Н.И.
12 - апта	21 тамыз – 25 тамыз	5 «Б»	8	Амангелді А.Е.	Сорока Н.И.

«ЖӨНДЕУ БРИГАДАСЫ»

2023 ЖЫЛДЫҢ 05 МАУСЫМ МЕН 16 МАУСЫМЫ АРАЛЫҒЫНДА

8 сынып оқушыларынан 25 адамнан жөндеу бригадасы мектепті жақсарту және жоғары сынып оқушыларының еңбекке деген дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында құрылды. Жауапты мұғалімдер Бесбаева Д.У., Садыкова А.Р.

САЯХАТТАР, САПАРЛАР

- *Оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерінің ашылуына және өзіндік жауапты шешімдерді қабылдауға жәрдемдеседі;*

V. БАҒДАРЛАМАНЫ ЕНГІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

I кезең:

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН – ДАЙЫНДАЛҒАН

(2023 жылдың 02 наурызынан 1 маусымы аралығында)

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жаздық мектеп жанындағы лагерьге дайындық туралы директордың қатысуымен болған кеңес.	Наурыз 2023 жыл	Кашаубаева А.Ж.
2.	Оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізу және қорытындысын жасау.	03.04. –10.04.2022ж.	Мектеп психологі Сыздыкова Н.Т.
3.	1-9 сынып оқушылары арасында жаздық сауықтыру демалысын ұйымдастыру бойынша ата-аналар жиналысы.	2023 жылдың 20 наурызына дейін	Сынып жетекшілері
4.	1-9 сынып оқушылары арасында жаздық сауықтыру демалысын ұйымдастыру бойынша жалпы мектептік ата-аналар жиналысы.	2023 жылдың 10 сәуіріне дейін	Кашаубаева А.Ж.
5.	2023ж. жазында балаларды сауықтыру туралы ҚББ есеп беру.	2023 жылдың 5 мамырына дейін	Кашаубаева А.Ж.
6.	Жаздық лагерьде жұмыс істейтін басшылар және тәрбиешілермен кеңесулер.	2023 жылдың 21 сәуіріне дейін	Кашаубаева А.Ж.
7.	Бөлмелерді жазғы лагерьге дайындау: ☐ спорт залы ☐ кабинеттер	2023 жылдың 31 мамырына дейін	Кашаубаева А.Ж. Жазғы лагерь басшылары
8.	Дайындалсын: ☐ ойын құрылғылары ☐ спорт құрылғылары ☐ теледидар, видео ☐ муз. аппаратура	2023 жылдың 31 мамырына дейін	Жазғы алаң басшылары

II КЕЗЕҢ:

ЖАРНАМАЛЫҚ – АҚПАРАТТЫҚ

(2023 жылдың 14 сәуірінен 31 мамырына дейін)

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Оқушылар арасындағы жарнамалық акция «Жуырда жаз!»	2023 жылдың 17 сәуірінен бастап	Кашаубаева А.Ж. Сынып жетекшілері

2.	Мектептен тыс мекемелермен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру: 📄 🏠 🏠 🏠 🏠 🏠 Теміржолшылардың МС Өрт бөлімі Қауыз Кинотеатрлар, мұражайлар ▼ МАК «МЕРЕЙ»	2023 жылдың 1 маусымына дейін	Жазғы алаң басшылары:
3.	«Жасыл патруль» және жөндеу бригадаларының жұмыс кестесін құру	2023 жылдың 5 мамырына дейін	Бригада жетекшілері: Амангелді А.Е. Токен Е.Ж. Аринова А.Ж. Байбусынова А.А.
4.	Жазғы лагерьге келетін балалардың тізімін тексеру.	2023 жылдың 5 мамырына дейін	Сынып жетекшілері
5.	1-9 сынып оқушыларымен ТҚ, ЖЖЕ, суда жүзу ережелері құрылғыларын өткізу	2023 жылдың 15 мамырына дейін	Сынып жетекшілері
6.	Мектеп жанындағы жазғы лагерь жұмыс жоспарын және күн тәртібін жасау.	2023 жылдың 25 мамырына дейін	Алаң басшылары: Жубекова Г.К. Сүлейменова Д.Т.
7.	СЭС және ПЧ, ТЖ басқармаларынан жазғы алаң ашылуына рұқсат алу.	Лагерьдің ашылуына дейін	Алаң басшылары

III КЕЗЕҢ:
МІНДЕТ, ҚЫЗМЕТ АЯСЫ
(2023 жылдың 1 маусымы мен 25 тамызы аралығында)

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектеп жанындағы «Бәйтерек» жазғы лагерь жұмысы.	05.06 – 16.06.2023ж. – 1 маусым 19.06 – 30.06.2023ж. – 2 маусым 03.07 – 14.07.2023ж. – 3 маусым	Жазғы лагерь басшылары
2.	5-7 сынып оқушылары арасында «Жасыл патруль»	05.06.-25.05.2023 жыл	Бригада жетекшілері

	<i>тобының жұмысы.</i>		
3.	<i>8 сынып оқушыларының жұмыс бригадалары</i>	<i>05.06.-16.06.2023жыл</i>	<i>Бесбаева Д.Ұ. Садыкова А.Р.</i>
4.	<i>Мектептің КТІТ жаз бойы кезбелік пен құқық бұзушылықты ескерту бойынша бірлескен жұмыстары:</i> 📖 ☐ тіркеуде тұрған оқушылардың жаздық демалысын ұйымдастыру; 📖 ☑ базарлар, сауда нүктелерін тексеру рейдтері; 📖 ⬇ үйлерге бару.	<i>2023 жылдың жаз маусымы бойы</i>	
5.	<i>Сапарлар, саяхаттар</i>	<i>2023 жылдың жаз маусымы бойы</i>	<i>Жазғы лагерь басшылары</i>

**IV КЕЗЕҢ:
РЕФЛЕКСИЯ**

(2023 жылдың 25 тамызынан 1 қыркүйегі аралығында)

<i>№</i>	<i>Жұмыс мазмұны</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауаптылар</i>
1.	<i>Жаздық сауықтыру маусымын өткізу қорытындысы</i>	<i>Тамыздағы педкеңесте</i>	<i>Кашаубаева А.Ж.</i>
2.	<i>Конкурстар:</i> 📖 ☐ шығармалар, «Мен жазды қалай өткіздім» 5-9 сыныптар әңгімелеу. 📖 ☑ суреттер «Көңілді каникулдар» 1-4 сыныптар.	<i>қыркүйек</i>	<i>Притьмова Л.Я. Избастина Р.А. Хасенова Г.М.</i>
3.	<i>Мектептің КТІТ жаз бойы кезбелік пен құқық бұзушылықты ескерту бойынша бірлескен жұмыстарының қорытындысы</i>	<i>қыркүйек, құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінде</i>	<i>Әубәкірова Б.С.</i>

БАҒДАРЛАМАНЫ ӨДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік жинақтаулар	2023 жылдың 10 мамырына дейін	Кашаубаева А.Ж.
2.	Сынып жетекшілерінің ӘБ «Оқушылардың жаздық сауықтыруларын ұйымдастыру түрлері»	2023 жылдың 5 мамыры	Бесбаева Д.Ұ

VI. КҮТІЛЕТЕН НӘТИЖЕЛЕР

«ЖАЗ 2023» бағдарламасын тарату бойынша № 56 НОМ болжайды:

1. Мектеп жанындағы лагерьде балалардың денсаулығын нығайту және жеке гигиена дағдыларын күн тәртібін сақтауға, оқушылардың тынығуларына жәрдемдеседі;
2. Таңдап алынған жұмыс түрлері Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін сыйлауға, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге ықпал етеді;
3. Жөндеу бригадасы мен «Жасыл патруль» тобының бірлескен жұмыстары елімізді көгалдандыру, абаттандыру арқылы оқушылардың өз туған жерлеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыруға, бос уақыттарын тиімді өткізулеріне ықпал жасауға, тәжірибелік білімдері мен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға және игеруге жәрдем етеді;
4. Жазғы сауықтыру лагерьдің (алаң) күндіз болу кезіндегі әлеуметтік-психологиялық ахуалын жақсартады;
5. Балалар арасындағы теріс әлеуметтік жайлардың өсу қарқынын төмендетеді, құқық бұзушылықтың алдын алады;
6. Табиғат аясында, көлікте, көшеде және қоғамда жүріп-тұру ережелерін қалыптастырады.